

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 328 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 тамыздағы N 888 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2004 жылға арналған мемлекеттік астық ресурстарын қалыптастыру және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 наурыздағы N 328 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. 2004 жылы пайдалану көлемі:

мемлекеттік жемдік астық ресурстары 1 000 (бір мың) тоннаға дейінгі мөлшерде;
мемлекеттік тұқымдық астық ресурстары 85 000 (сексен бес мың) тоннаға дейінгі мөлшерде белгіленсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі*